


# ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Дипломатия, байланыс және  
халықаралық тәртіп





Кітап – теориялық және эмперикалық бөлімдерден тұрады. Халықаралық процестерде дипломаттармен жасалған қорытындылар ерекше орында тұрады. Қорытындылар көптеген дереккөздерден алынады: оның ішінде, мемлекеттің әскери мүмкіншіліктерінен, мемлекеттің ішкі саясатынан, елдің қоғамдық көңіл күйлерінен, мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерінен, үкіметтегі өзгерістерден және басқа да факторлардан алынады, алайда дипломатиялық кездесулерден алынған қорытындылардың мәні ерекше. Аталған кітаптың әрбір бөлімінің оқиғаларына сараптамалық дискурс беріледі. 3–6 бөлімге дейін дипломатиялық коммуникацияның 4 механизмі сарапталады. 7-бөлімде зерттеу нысанының негізгі гипотезасы айқындалады, ол эмперикалық сараптама көмегімен беріледі. Ал 8–9 бөлімдерде бірінші және екінші Дүниежүзілік соғыстағы оқиғалар сипатталады, оларға сараптама баяндалады. 9-бөлімде 1900–1914 жылдар аралығында болған оқиғалар, мұрағат материалдарын синтездеу және жүйелеу арқылы гипотезаларды анықтайды. Соңғы 10-бөлімде қорытындылардың мәні мен салдары баяндалып, олардың халықаралық тәртіпті орнатуда ықпалы көрсетіледі.

## Дипломатия аясындағы зерттеулер

XX ғасырда дипломатиялық тарих халықаралық тарих тұрғысында зерттелген. Мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары олардың құрылымы мен сипаты реалистер, кейіннен жаңа реалистер теорияларымен анықталды. Пол Шредер, американ тарихшысы, былай дейді: Егер мемлекеттің сыртқы саясатын талдау көзделсе онда «дипломатиялық тарихты әрқашан, жалпы саяси тарих пен әлеуметтік-экономикалық немесе зияткерлік, тіпті психологиялық тарихтың» бір бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Реализм мектебінің негізін қалаушылардың бірі – Джон Миршаймер өзінің теориясын былай түсіндіреді: (қараңғы бөлмеде шам барлық жерге жарық түсірмесе де, әдетте жолды білу және көру үшін бағдар беруші) деп есептейді. Ал жаңа реалистер, оның ішінде Кеннет Вальц, анархиялық жүйеде ресурстарды үйлестіру, құрастыратын және алға итеретін құрылым деп қарастырылады, бірақ ол сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындамайды. Сондықтан Кеннет Вальц, дипломатиялық процестер, сыртқы саясаттағы таңдауға жүйелі түрде әсер етеді деп есептейді. Жаңа реалист дәстүріндегі кейбір зерттеушілер ішкі саясаттың әсерін зерттегенмен, дипломатиялық алмасудың әлемдегі оқиғаларға тәуелсіз әсері туралы теориялық тұрғыдан зерттеулер аз болды.

Guisinger Alexandra and Alastair Smith – Вальцтың зерттеулерін жалғастырып және теориялық негіздеуді келесі мақалаларда берген: «Honest Threats: The Interaction of Reputation and Political Institutions in International Crises.», Kurizaki, Shuhei «Efficient Secrecy: Public Versus Private Threats in Crisis Diplomacy». Ал осы кітаптың авторы Роберт Трэггер келесі мақалада «Diplomatic Calculus in Anarchy: How Communication Matters» ымырасыз қауіп-қатерлер ақпарат бере алатынын дәлелдеген. Жеке ақпарат берудің механизмдері бойынша, ең көп қызықтыратын сипат – ол келіссөздердегі беделділік. Компромисс – жеңілдіктер беру арқылы нәтижеге жетеді деген тұжырымға келген.

Халықаралық қатынастардағы келіссөздердің мәні мен маңыздылығын ашуға ежелден бері көптеген ғалымдардың еңбектері арналған болатын. Солардың бірі кардинал Ришелье «Саяси өсиет» атты еңбегінде келіссөз жүргізудің мемлекет үшін орасан зор маңызды екендігін атап өткен. 1714 жылы француз ғалымы Франсуа де Кальердің «Ел билеушілерімен келіссөздер жүргізу тәсілдері» деген еңбегі сол кезеңдегі келіссөздер жүргізуді зерттеген бірден-бір ғылыми зерттеу.

Франсуа де Кальер атап өткендей, қоғамдық қарым-қатынастар және халықаралық байланыстардың өзгеруі, дипломатия эволюциясының өзгеруіне әсерін тигізеді. Ол сол уақытта үстем болған айлакерлік әдісті емес, шыншылдық пен шынайылық ұстанымды таңдаған. Ол дипломатиялық қарым-қатынас серіктестердің бір-біріне сенімділігінен туындайды деген. Ынтымақтастықта ақпаратты тараптар бір-бірінен жасырмай, керісінше алмасу принципін ұстанған. Егер мемлекетке екінші тарап ашық, тұрақты сенімділік танытса, керісінше екінші тарап дәл сондай іс-әрекетпен жауап береді деген пікірге келген.



Шеллингтің жеке дипломатия бойынша зерттеулері бірнеше механизмдерді айғақтайды. Оның пікірінше (қауіп-қатерлер әлібетте жағымсыз оқиғаларды алып келеді. Ол бринканизм атты теорияны ұсынады, ол осы теорияны негіздеуде таудың шатқалында байлаулы екі альпинисті мысалға алады. Екеуіне ешқандай қатердің қауіпі жоқ, қатер келсе, екеуі де құлап кетуге ықтимал, сондықтан шиеленіс жағдайдан шығу екеуіне де қойылған мақсат дейді.)

Конструктивистік теориясының өкілі – Alexander Wang. Ол өзінің (Social Theory of International Politics) атты монографиясында, әлеуметтік процестер болмаса, нормативтік құрылымның болуы мүмкін емес еді деген тұжырымға келеді. Конструктивистік бағыттың тағы бір жарық өкілі болып саналған Der Derian. Ол зерттеген түрлі аспектілерінің ішінде, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа келіссөз процесі қалай әсерін тигізеді және қандай нәтиже береді деген сұрақтарды көтеріп, оларға жауап берген.

Дипломатиялық байланыстар бұл жай таныстық және бір-бірімен мерзімді кездесулер ғана емес. Бұл, өзара сенімге негізделген, өз елі үшін маңызды ақпарат алуға және өз елінің пайдасына түбегейлі мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін қарым-қатынас. Осындай байланыстар екі ел арасындағы қолайлы қатынастарды ұстап тұруға, шиеленісті болдырмауға, түсінбестікті және қате түсінік, теріс ұғыныстарды жоюға, бір сөзбен айтқанда, екі ел арасындағы проблеманы, істі кикілжіңдерге және қақтығыстарға жеткізбей, дипломатиялық жолмен шешу үшін алғышарттар жасауға оң ықпал етуі тиіс. Сенім білдірушілік байланыстардың болуы идеологияның ортақтығын немесе болып жатқан оқиғаларды бағалау мен көзқарастардың бірдей болуын көздемейді. Көбінесе, көзқарастар мен позициялар бір-бірінен түбегейлі алшақ болуы мүмкін және бұл таңғаларлық емес, өйткені дипломаттар өз мемлекетінің мүдделерін білдіреді және қорғайды. Ал бұл мүдделер аса түбегейлі түрде өзгешеленеді және дипломаттар бір-бірімен жиі өткір және тіпті қатал пікірталастар тудыруына тура келеді. Кәсіби дипломаттар осы айтылғандардың қажеттілігін өте жақсы түсінеді. Егер әрине пікірталастар жалпыға бірдей қабылданған нормалар мен дәстүрлер шеңберлерінде сыпайы жүргізілетін болса, дипломатиялық баталияның өткірлігі, олардың жеке жеккөрушіліктеріне және жеке кикілжіңдеріне дейін апармайды.

Келіссөздер бойынша дипломатияның принциптерін тұжырымдаған Рицце мен Митзеннің пайымдауынша – дипломатияда жалған айту, келіссөздер үшін тек жағымсыз зиян әкеледі: ол күдіктілік пен күмәнділік әкеліп дипломатқа деген сенімсіздікті тудырады, ал ол жағдай келіссөздердің орнатылуына жол бермейді. Элстер бұл сезімге өркениеттілік екіжүзділік деген атау береді. Осылайша, аталған кітаптың теориялық және эмпирикалық негіздерін қарастырғанда, жеке дипломатиялық кездесулер кезінде қарсыластар немесе одақтастардың, ниеттерін талдау мен қорытындылары арқылы анықтауға болады.

Тәжірибелі дипломаттар дипломатияның дамуына жол ашатын теорияларды жүзеге асырады, олар орта-ұзақ мерзімді және нақты контексте дипломатиялық қатынастарды орнатуға тырысады. Кейде мемлекет басшысының немесе лауазымды адамның неғұрлым жоғары деңгейі екі мемлекеттің өзара сенімділік артуына себеп болады деген пікірлерге келеді. Алайда көбінесе бірінші тараптың пайымдаулары екінші тараптың шешім қабылдауына әсер еткендігіне күмәнді болады. Жекелей дипломатияның бес тетігінің түсініктемесін қарастырайық.

Дипломатия – сөйлеу арқылы бірқатар халықаралық саяси мүдделерді алға бастыру өнері. Ең күрделі дипломатиялық өнердің бірі – міндеттерді жасау өнері, яғни тараптың ойын қалыптастыру арқылы, мемлекет белгілі бір жағдайларда белгілі бір әрекеттер бағыттарына ұмтылады. Ынтымақтастық, қауіп-қатерлер мен кепілдіктер ұсыныстарының бәрі – міндеттемелерді қалыптастырудан туындайды.

Дипломатиялық байланыстар, бұл – дипломатиялық қатынастарды ұстап тұрудың аса маңызды формалары мен құралдарының бірі. Бұны дипломатияның бастапқы негізі деп атауға болады. Дипломатия мемлекеттер арасындағы (немесе квазимемлекеттік) туындаған қандай да бір проблемаларды шешу үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік басшылығы мен дипломатиялық байланыстардан, кездесулерден басталады. Міндеттемелер арқылы тараптар көздеген мақсаттарына жетуге тырысады, сол себептен міндеттеменің дипломатиялық қарым-қатынаста маңызы зор.

Дипломатиялық келіссөздерде үнемі ақпаратпен алмасу жүріп жатады, тараптардың біреуі екіншісін сендіруге тырысады. Макиавеллидің айтуынша «кімде-кім ақпарат алу үшін, бірінші кезекте өзінен ақпарат беру қажет, тек алмасу арқылы көздеген мақсатқа жетуге ықтималы



бар дейді. Дипломатиялық келіссөздерде көптеген тетіктер бар, алайда солардың бесеуі ғана жиі қолданысқа ие болған. Тетіктерді қолданғанда әрбір елшінің даралығы екіншісінен ерекшеленеді. Ендігі кезекте жеке дипломатияның тетіктерін қарастыруға көшейік.

### Сұранымдардың көлемі

Бірінші мемлекет, екінші мемлекеттен үлкен сұраныс талап етсе, ол өзінің алдыға қойған мақсатына жетуін төмендетеді. Мысалы, АҚШ-тың Ираннан немесе Солтүстік Кореядан ядерлік мәселені жою талабы, оның басқа бағдарламалар аясында ядерлік ауқымды қысқарту сияқты преференция жеңілдіктерден бой тарту – басқаша айтқанда ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмау қаупі төнеді.

### Қарым-қатынастардың асқыну қаупі

Мемлекеттер келіссөздер жүргізуде маңызды мәселелерді шешуді алдыға қояды, әрбір мемлекеттің іс-әрекеттері, қарсы мемлекеттердің мүдделеріне қарама-қайшы келуі мүмкін, сол себептен, бұл келіспеушіліктер, қарым-қатынастардың шиеленісуіне себебін тигізеді.

Келіссөздерде беделді ұстау. Сартори бірінші орынға дипломатиялық өнерде «ақыл, икемділік, сенімділікті» қойған. Ол дипломатияны іскерлікпен салыстырған «Жақсы дипломат алдындағы серіктестің ойын болжау арқылы оның келешек бағытын табу керек деген. Мысалы, кардинал Ришелье, «Беделділікті өте жоғары санатқа қойып, оны жоғалтуда ешқандай ұтыс оны өтей алмайды» деген.

### Ниеттерді қалыптастыру

Мемлекеттер өз мақсаттарына қол жеткізу үшін, екінші тараптың ниеттерін анықтауға тырысады, осылайша келешек жоспарларды қалыптастырады.

1855–1914 жылдар аралығындағы Британ империясының Құпия баспасының деректері халықаралық саяси контексте жиілік қорытындыларды көрсетті. Бұл мәліметтерді талдау арқылы мемлекет басшыларының мемлекеттілікті құруда қандай алғышарттарды қолданатыны туралы түсінікті қалыптастырды. Тақырыптың маңыздылығына және зерттеулерге қарамастан, бұл зерттеуде әртүрлі дерек көздерден алынған қорытындылар – сыртқы саясатты қалыптастыруда үлкен ықпалын тигізетінін дәлелдеп көрсеткен.

«Құпия мөр» – Ұлыбритания сыртқы істер министрлігінің, патша және патшайымның құжаттар мұрағаты. Ұлыбритания сыртқы істер министрлігі, британдық сыртқы саясатты жүзеге асыруда негізгі жауапкершілікті 1782–1850 жылдар аралығында атқарған. Құжаттар негізінен талдаулардан, елшілердің хабарламаларынан, сілтемелерінен, сонымен қатар, жеке хаттардан тұрған. Құжаттар халықаралық оқиғалардан тұрады, мысалы: Қырым соғысы, Италия мен Германияның бірігуі, Франко-Пруссия соғысы, Бисмарктың одақтасу жүйесі, Балкан шиеленісі т.б. жатады. Бұл тарихи кезеңде анархистік, панславяндық, коммунистік және демократиялық қозғалыстардың шапшаң жүргізілуі байқалды. Еуропа елдері 145 шиеленістік оқиғаларды бастан кешірді. Бұл оқиғалар шамамен 300 мың британдық тұжырымдарды қалыптастырып, басқа мемлекеттердің ниеттерін құжаттамалық есепте сақтаған. Деректер жүздеген адамдардың, дипломаттардың, мемлекет басшыларының пайымдауларынан тұрады. Осы деректерді қалыптастыру кезінде зерттеушілер 136 000 дипломатиялық құжаттарды сараптаған. Барлық осы деректер мұрағатта сақталған. «Құпия мөр» деп аталатын мұрағат құжаттарын осы кітаптың авторы жазу барысында қолданған. Мысалы, әскери атташе 1887 жылы меморандумға қол қою кезінде былай деген: (Франция неміс жерінде өз күшін жетілдіруге тырысып жатыр, сонымен қатар, Германия АҚШ пен одақтасып, қару-жарақ сатып алуға ниетті. Басқа сөзбен айтқанда Германия мен Франция арасында соғыстың өршуі ықтимал).

Сыртқы саяси шешімдерді қалыптастырудың факторлары төменде берілген.



## Әскери фактор

Көптеген ғалымдар, сыртқы саясаттың әрекеттері мүмкіндіктерді таратумен жиі байланысты деп санайды. Дипломаттардың көбі халықаралық саясаттың материалдық факторларымен байланысын көрсетеді. Соңдықтан да мемлекет лидерлерінің акторлардың ниеттерін түсінуі көбінесе әскери балансқа негізделген. Мысал ретінде, Ресейдегі Британ елшісі Джордж Бьюкененнің 1913 жылғы 1 қаңтар айындағы оқиғаға берген қорытындысын айтуға болады. Ресей әскерінің қайта құрылуы Францияны оған жақтас ретінде қарауына итермеледі, өйткені Ресейдің әскери мүмкіндігі күшті екеніне сенімді болды. Бұл жағдайда қорытынды себебі әскери сұрақ ретінде кодталып белгіленеді. Қорытынды: «[Франция] мемлекеті [Ресеймен] ықпалдасуға ықтимал», – деп кодталады. Осылайша әскери фактор, басқа да түрлі факторларды қоса алғанда ниеттерді құруда үлкен мәнге ие екені айғақталады.

## Ішкі саясат

Мемлекеттің ішкі саясаты, екінші мемлекеттің онымен одақтасуына ықпал ететіні көптеген теориялармен анықталған. Сол сияқты мемлекеттің демократиялық сипаты, партиялардың бір-бірімен бәсекелестігі және көшбасшылардың жеке дара амбициялары соғыс және бейбітшілік мәселелерге әсер ететіні сөзсіз.

Экономикалық қарым-қатынастар. Экономикалық қатынастар – бұл мемлекет аралық қарым-қатынастардың ең негізгі тірегі десек те болады. 1909 жылы Британдық дипломат мынадай қорытынды жасайды, «Ұлыбритания мен Ресей қарым-қатынастары Санкт-Петербуркте сауда палатасының орнатылуымен жақсарды» делінген.

## Дипломатия мен Одақтардың есептері

XIX ғасырдың аяғында ағылшындар Пруссияның сыртқы істер министрімен және Германияның бірінші канцлері Отто фон Бисмаркпен сұхбаттасулар кезінде жасалынған қорытындылардан көптеген ақпарат алды, ол өз кезегінде шешімдер жасауға ықпалын тигізді. Әлем бір орында тұрмайды, ол өзгеріп тұрады, сонымен бірге дипломатия да өзгереді. Қазіргі заманғы дипломатияның ерекшелігі жоғары және өте жоғарғы деңгейдегі кездесулер. Ертеде олар шектеулі болса, қазірде осындай кездесулер дипломатиялық өмірдің бірден бір көрінісі.

Қазіргі таңда жеке дара, тікелей, тұрақты, және көпжақты дипломатиялық келіссөздер пайда болды. Осыдан саммиттің 3 түрі кездеседі: жоғарыдағы сериялық кездесулер ad hoc саммиттері – бір-екі кездесу, бірақ кей кезде ол жоғары деңгейдегі сериялық кездесулерден тұрады.

Бұл кездесулер белгілі мақсаттарды шешуді көздейді:

- достық қарым-қатынастарды дамыту;
- тараптардың ниеттерін анықтау;
- жаңа ақпарат алу;
- дипломатиялық және консулдық сұрақтарды шешу.

Сериялық кездесулердің артықшылықтары неден тұрады:

- ақпаратты елшілер мен министрлерден ғана емес, одан бөлек түпнұсқадан алуға болады;
- министрліктердің бірнеше шешілмеген сұрақтарын шешуге көмектеседі;
- басшылар шиеленіс сұрақтарды батыл шеше алады және компромистерге жеңіл барады.

Ал осы кездесулердің қандай кемшіліктері бар деген сұрақтар туындайды?

Бұл келіссөздер – әдетте ұзақ және пікірталастармен өтеді. Қатысушылар өзара шеше алмаған сұрақтарды, аталған кездесулерде шешуге тырысады, ол қиындықтарды туғызады.





Мысалы М. Тэтчер пікірталасты жақсы көрген. (Мен пікірталасқанды ұнатамын). Ол саясаттағы келісім мен компромиске сенбеген. Ол компромистерге сенетін адамдарды квислингтерге жатқызып, сатқын ретінде санаған.

Биліктің бөліну қаупі, мысалы АҚШ-тың басшысына конгрестегі оппозицияның қарым-қатынасын ескеру қажет. Керісінше министрлер кабинетінің күшті болуы (Нидерланды, Англия) басшы үшін еркіндік береді. Бұл авторитарлық мемлекет басшыларына да қатысты жәйт.

Жетілік кездесулер туралы айта кетсек, кем болмайды. Алғашқы кезде олар Рамбуяда кездесіп, Ресейдің қосылуымен сегіздік деген атауға ауыстырылды. Ендігі кезекте олардың шығу тарихына шолу жасайын. Бастапқы кезде оларды Батыс экономикалық саммиттері деп атаған, тек Лондондық саммитте, осындай кездесулер жыл сайынғы болады деп шешіліп, кейін Еуропалық қауымдастықты шақыруды алдыға мақсат етіп қойды. Рамбуядан кейін күн тәртібіне халықаралық экономикалық жағдай, сауда мәселелері, Батыс пен Шығыс арасындағы сауда саттық, энергетика, қаржы мәселелері кірді. 1979 жылы Токиолық саммитте Вьетнамдағы және Кампучиядағы босқыншылар туралы саяси шешім қабылданып, 1980 жылы Венециандық саммитте Ирандағы дағдарыс бойынша шешімдер қабылданды.

Дипломатияның құпиялылығы, жасырындығы о бастан-ақ оның ажырамас бөлігі болды. Жаңа заманда авторлар құпиялылық сияқты дипломатиялық әдістерге бұрынғыдай мән бермейтін қазіргі дипломатияның «құнсыздануы» жайлы айтуда. Қазіргі кезде «екіжақты дипломатия» және «көпжақты дипломатия» түрлері кеңінен таралған. Ендігі кезекте дипломатияның негізгі түрлерімен таныстыра кетейін: Екіжақты дипломатия деп екі мемлекет арасындағы ресми қарым-қатынастар кешенін айтады. Көпжақты дипломатия – бірқатар мемлекеттер арасындағы ресми қатынастар кешені мен халықаралық конференция немесе ұйымдар шеңберінде дипломатиялық әдістер мен құралдар арқылы жүзеге асырылатын өзара іс-әрекет.

## Экономикалық дипломатия

1950–1960 жылдар аясында Жапонияда елдің экономикалық әлеуетін пайдалана отырып, халықаралық дәрежеде рөлін көтеру мақсатында «Экономикалық дипломатия» пайда болды. С. Хантингтонның пікірінше, экономикалық дипломатия арандату мен қысым көрсету тетіктері ретінде сауда және ғылыми-техникалық байланыстарды пайдалануды білдіреді, оның ойынша американдық сыртқы саясаттың аса тиімді құралы болып табылады. Шын мәнінде экономикалық дипломатия – ол мемлекеттің екіжақты және көпжақты негізде ұлттық экономиканы қолдауға және дамытуға, сонымен қатар, халықаралық істерде мемлекеттің жалпы сыртқы саяси курсы шеңберінде мақсатқа жетуін, сыртқы экономикалық мүдделерді қамтамасыз ететін дипломатиялық тәсілдер мен әдістерді және экономикалық шаралар мен құралдарды (сауда саясаты, жәрдемдесу, көмек алу) қолдануы. Экономикалық дипломатияға өз елінің сауда және қаржы секторын қолдау мақсатында дипломатиялық тапсырма орындайтын сауда дипломатиясы жақын. Бұл жұмыстың аса маңызды аспектілері – экспорт және инвестиция жайлы ақпарат, әлемдік нарықта ұлттық өнімдерді сату мен өткізуге қолайлы жағдай туғызу.

Жариялық немесе халықтық дипломатия – осы көпқырлы құбылыстың тағы бір түрі. Кейбір авторлар ол XX ғасыр басында мемлекеттің сыртқы саясатын толық жариялық жағдайында жүзеге асыруы барысында пайда болды дейді. Осы орайда бұл ұғым демократиялық немесе ашық дипломатия ұғымдарымен сәйкес келеді. Халық дипломатиясының дамуына және қалыптасуына әсер еткен басты факторлардың бірі халықаралық қатынастардың жаңа акторларының – үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық ұйымдар, трансұлттық корпорациялар, бұқаралық ақпарат құралдары және жеке тұлғалардың пайда болуы. Басқа көзқарасқа сәйкес халықтық дипломатия – АҚШ-тың мәдени алмасу, сыртқы саяси мақсаттағы үкіметтік тапсырмаларды орындауға қоғам мүшелерін (журналистерді, ғалымдарды, дәрігерлерді, қылқалам шеберлерін, жазушыларды және басқа да өкілдерін) кеңінен тартуға бағытталған сыртқы саяси доктринасының бір бөлігі. Бұл түрі «мәдени дипломатия» деп те аталады. Мәдени дипломатия шетелдерде өз елінің мәдени, ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық



жетістіктерін жүзеге асыруға бағытталады. Кей жағдайларда мәдени дипломатияны іске асыруды ерекше ұйымдар өз қолына алады (Британ Кеңесі, Әлем корпусы).

Саяси дипломатия деп халықаралық шиеленістерді оқтату немесе реттеу, ынтымақтастықты ұлғайту және тереңдету мақсатында келіссөздер жүргізу мен өзара тиімді ізденістер өнерін атайды. Дипломатия – «күш факторын» пайдаланудың «мәдениетті техникасы», «мәжбүрлеу техникасы», «реттеу процедурасы» және «келісімге жету техникасы» деп те анықтау жиі кездеседі. Кеңінен алғанда саяси дипломатия өз өкілдіктері бойынша сыртқы саяси қатынастар жүргізуші мемлекеттік мекемелердің ресми қызметін, әрбір мемлекеттің шет елдердегі өз мүддесін қорғау мен жүзеге асыру қызметін атқарады.